

# Жұлдыз

Тұманбай Молдағалиев  
АЗАЙЫП БАРА ЖАТЫР  
БІЗДІҢ БҰЛАҚ

Мекемтас Мырзахметұлы  
ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ТАРИХЫН  
ДӘУІРЛЕУ МӘСЕЛЕСІ

Тұрсын Жұртбай  
«ҰРАНЫМ – АЛАШ»

2  
2015



## ТҮСІМДЕ КӨРГЕН КІТАП немесе тұғыр туынды

### МАХАББАТ ШЫРФАЛАҢЫ НЕМЕСЕ БІР ӨКІНШІ. БІР ҮМІТ

... Мәңгі өшпейтін жадыдағы тағы бір көрініс көз алдыма жетіп келген. Құдды кешегідей. Жарты ғасыр өтсе де Сағат нағашымның өзіне ғана жарасар, мүлдем өзгеше шикылдап күлгеніне дейін құлақ түбінде жаңғырады-ай. «Өте жақсы кітап екен. Түнімен көз ілмей, таңға жуық түгел тауыстым. Әңгімелердің бәрі де шетінен тамаша. Әсіресе, маған марқұм Абдулхамид Исаевтың «Бір суреттің тағдыры» қатты ұнады. Түп-тура менін басымнан өткен оқиғаны айна-қатесіз суреттепті. Жазушы болған соң, өстіп қатырып жазу керек. Хи-хи... Дәл мені жазыпты... Хи-хи...»

Таңертенгі дастарқан басына дөңгелене жинала қалғандар теңіздің арғы бетіндегі Алғазыдан қонақтап келген нағашыма дүрсө қоя берсін:

– Сонда не жайында жазыпты, өзі?..

– Махаббат та баяғы.

– Иә, мен сияқты сұрбойдақ туралы айнытпай жазыпты. Сапар деген суретші жігіттің басынан кешкендері... Тіпті, қараңдаршы, есіміне дейін менің атыма ұқсайды-ау... Гәпті көремісіндер, ә?! Хи-хи...

– Алматыға сессияна барып жүргенде ол жазушыға өзің айтып берген шығарсын. Әйтпесе, көріпкел дейсің бе?..

– Қойшы-ей, қайдағыны шығармай. Жазған жігіт те, кейіпкерлері де Қызылорда облысынан көрінеді. Әңгіменің авторы қайтыс боп кетіпті таяуда...

– Оны қайдан білдің? Соқ, өтірікті!..

Бірін-бірі тындамай, қызылкенірдек боп өрекіпген жұртты Сағат нағашым сабырға шақырып, дәлелді дәйегін көлденең тартты.

– Мінеки, мына кітапты өздерің қолдарына ұстап көріндерші. Ақыр сенбейсіңдер ғой. – Ол үстелдің шетінде жатқан «Таңғы шықты» жанындағы Болатқа ұсынды. «Абдулхамид Исаев» дегенді қара сызықпен қоршап қойыпты. Демек, кітап жарық көрмей жатып, дүниеден озған. Байғұс жас жігіт әңгімесін көре алмай, қыршын кетіпті. Жатқан жері жарық болғай...

Әлгіндегідей емес, ілкі сәттік тыныштық орнаған. Кітапты кезек-кезек алақандарымен аялай ұстағандар күбірлеп тілдескен-ді.

– Рас-и... Аты-жөнін қоршап қойыпты, – деді үшінші сыныпта оқитын інім Тәнеш таңырқай. – Бұрын аңғармаппын. Өлген адамды осылай қоршауға алады ма?

– Тәйт, әрі! Олай демегін, балам. Жақсы адамдар өлмейді. – Бағанадан бері үндемей, өзімен-өзі шай құйып отырған шешем қатулана сөйлеген. – О несі?! «жазушының хаты өлмейді» демей ме халқымыз. Өздерің күні бойы «ғажап, тамаша жазыпты» деп мақтағандарың қайда?! Ендеше, ондай кісіні өлді деуге болмайды,

қарағым...

Анамның зілсіз сөзі бізді ойландырып тастады. Қыстырма қалжынымызды доғарып, одан ары тәжікелеспедік. Сағат нағашым кеше кешкісін сұрап алған «Таңғы шығымды» қайтарып берді. «Жақсы кітап!..» Әдемі әсерден әлі арыла алмағаны бал-бұл жанған жүзінен ап-анық сезіледі...

«Бір суреттің тағдырын» парактап отырмын. Елу жылдан соң. Иә, жарты ғасырдан кейін. Әңгіменің төбесіне таңбаланған автордың аты-жөнін шығып кетпестей етіп, қара сызықпен төртбұрыштап қоршапты. Несіне қымсынамын, кішкентай бала кезімде жете мән бермеппін бұған. Желе-жортып, судыратып оқып шығуым да мүмкін. Содан бері де қаншама су ақты, қаншама су қатты. Бейнелеп жеткізсем, елу көктем мен күз, елу жаз бен қыс. Бабалардан қалған нақыл және бар. «Елу жылда — ел жаңа». Осыншама мезгіл қолымнан тастамай, қастерлеген жәдігерімнің жыртылып жұқарған, сап-сары боп үлбіреген беттерінен ұшқан көзге көрінбес тозаңы әлсін-әлсін түшкіртіп, жанарыма жас үйіреді. Қағаз кемірушілерге тән таныс кінәрат — аллергия. Қорқып, үрейленудің қажеті шамалы. Екі көзім парлап отырып талантты қаламгер Абдулхамид Исаевтың әңгімесін тағы бір мәрте оқып шықтым.

Миымның әлдеқандай қатпарында қатталып қалған көмескі, бұлдыр сұле сурет қайта тірілгендей. Серпілгенім сонша, еңселеніп қалдым. Сүйіспеншілік сезімінен бейхабар, бейкүнә махаббатпен бетпе-бет жүздесіп көрмеген сарыауыз балапан-жүрек нені ұқсын. Әңгіменің әлқиссасына үңілген сәттен-ақ ынтықтыра баурап алған шығарма желісі жетелей жөнелді. Бір ысып, бір суыған көңілім де алай-дүлей. Бірде рахатты күйге бөленіп, енді бірде мұңды күйзеліске түскем. Қайдан сап етіп келгені белгісіз, көз алдымда — таныс бейне. Ойпырмай-ау, мынау өзімнің Сағат нағашыма ұқсайтын сықылды. Дәп өзі. Шықылдап күлгені де естілгендей ме, қалай?.. «Иә, мен Сағат ағамның ғой. Есінде шығар. Бая-ғы-д-а айттым емес пе. Мен туралы, менің басымнан кешкен оқиғаны аудармай жазыпты деп... Жақсы кітапты оқыған сайын өресің...»

Адам жады ғажап-ақ. Әлде, бейтаныс жазушының құдіреті десем бе, екен? Қай-қайдағы күмілжі көріністі оятып... Менің сегіз қырлы сері нағашымның да дүниеден озғанына да ондаған жыл. Аудан, ауыл аймағына құрметті еді. Сағат ағамның да аты-жөні қара сызықпен қоршалып, өмір-дерегі жазылған қазанама жарияланған болатын. Ғұмыр бойы ұстаздық етті. Негізгі мамандығы — географ. Ән айтып, музыкалық аспаптардың барлық түрінде шебер ойнайды. Суретшілігі де бар. Ал басы — компьютер. Ауданнан асып, облысқа танылған шахматшы. Өмірге құштар ағатайым зейнеткерлікке шыққаннан кейін де қол қусырып отырмады. Шаршы тақта басындағы сайыстарға қатысып, Үштөбе қаласындағы шахмат клубынан шықпайтын. Күнді кешке, түнді таңға жалғап «шайқасатын». Тағдырдың жазуы шығар, асыл ағатайым шахмат тақтасы басында, миына қан құйылып көз жұмды...

... Шынында Абдулхамид әңгімесінің бас кейіпкері суретші Сапар мен нағашы ағам Сағаттың арасында көп ұқсастық бар. О жағын сырт көз ретінде мен өте кеш байқағам. Өкініші жоқ. Ең қуаныштысы, шығарманың шынайылығы, оқырманды ойлантып, жан-жүрегін тебірентуі. Сондықтан да мен жоғарыдағы жағдайды ішек-қарнына дейін текке ақтарып айтпасам керек. «Таңғы шықты» қайыра оқу үстінде есіме француздың әйгілі философ-жазушысы Ф.Вольтердің айтқан мына бір сөздері оралған: «Жақсы кітапты алғаш рет оқығанда жаңа дос тапқан кездегідей сезімді бастан кешіреміз. Оқыған кітапты қайта оқып шығу — ескі доспен қайта көріскенмен пара-пар». Қазір мен дәл осындай әсерде отырмын...

Жас жазушылар жинағындағы әңгімелердің дені ықшам. Бес-он беттің о жақ, бұ жағы. «Бір суреттің тағдыры» көлемді екі-үш дүниенің бірі — жиырма парақ. Осындай ұзақтығына қарамастан еш жалықтырмайды, керісінше бірден қызықтырып, оқиға ішіне сүңгітіп, араластырып жібереді. Бұл мезетті өзің де андамайсың. Әрине, мұның бәрі қарымды қаламның қуатын көрсетеді.

Оқушысын терең тебіреніске түсіріп, толғақты күй кештірер жас қалам иесі Абдулхамид Исаевтың әдебиет табалдырығын үлкен дайындықпен атағаны анық байқалады. Осы бағыттағы игілікті ізденістері әңгіменің композициялық құрылымынан-ақ атойлап, көзге ұрып тұр. Оқиғаны өрбітіп дамытуға, кейіпкерлердің ішкі психологиялық әлемін әр қырынан жарқырата көрсету үшін қолданған формалық тәсілдер өзін-өзі тамаша ақтаған. Түйіп-түйіп берілген оймақтай алғысөздер, күнделік беттерінен келтірілген үзік-үзік сырлар шығарма динамизмін күшейтуге ерекше серпінді ықпал етері даусыз.

Мәселенки, әңгіменің алғашқы беташар кіріспесінде бас кейіпкер суретші жігіт өзі жазған, өзі салған бір портретке жалтақ-жалтақ қарағыштайды. Жабырқау көңілі құлазып, жүдеу жүрегі қатты сыздайды. Суретке үңілген сайын жанарына екі адамның бейнесі көлбеңдейді. Бірі — дүниедегі ең қымбаттысы, асылы. Екіншісі — дүниедегі ең жек көретін жат адамы. Сонда қалай, бұл неғылған сурет? Бұл неткен құпия?

Республикалық газет редакторының тапсырмасы бойынша Оңтүстік өлкесіне іссапарға аттанған суретші Сапар озат механизатор, депутат Маханованың портретін жазуға құлшынады. Өзін арнайы іздеп келген қылқалам шеберіне депутат-механизатор: «Бізді қайтесіз, атақ-даңқымыз жетіп жатыр. Одан да менің көмекшімнің портретін салыңыз. Еңбекқор десең еңбекқор. Жас десең жас. Әне, соны таныт елге» дейді. Сөйтіп, жер-танапты шарлап, аңыз-атызды аралап колхоз төрағасы екеуі жүгерілікте тұқым сеуіп жүрген көмекші-механизаторға жетеді. Көгілдір орамалды тракторшы қыз жымия тақап келіп, тілдеспей кілт бұрылып кете барады. Бұлар айдалада аңырып сілейіп қалады.

Түсініксіз жайдың өткен ізін автор былайша бейнейді:

«Толқын...

Тағдыр дегенің қызық-ау.

Үш жыл бұрын айырылысқанда Толқынды мына күйде қайта кездестірем деп ойлаппын ба? Қонақ үйге, номеріме келдім де, есікті кілттеп жатып алдым. Сондағым өзіммен өзім онаша қалып, қиялға берілу.

Толқын...

Тағдыр дегенің қатал-ау.

Үш жыл мерзім Толқын өмірін көп өзгертті. Оның бәрін Әділ хат арқылы хабарлап отырып еді.

Күзге қарай Бодан Толқынды алам деген уәдесінен айнып, батыс өлкенің бір ауданына қашып кетті. Толқын оны көктемге дейін күтіп, ақыры үмітін үзген соң аборт жасатып баласын алдырған да, ел көзіне көрінерлік беті болмай шешесін алып қаладан көшіп кеткен... Ал мен бұл арада оқуымды бітіріп, ата-анамды Алматыға көшіріп алған едім.

Осының бәрін көз алдыма қайта елестетіп, әралуан қиял құшағында жатыр ем, кенет тық-тық етіп есік қағылды. Ашсам...

Толқын. Кешегі трактор жанында көргенімдей май-май емес, үш жыл бұрын Дәуреновтың кабинетінде көргенімдей сұп-сұлу. Жо-жок, о Толқын мен бұл Толқының айырмасы жер мен көктей.

— Кел, Толқын! Аманбысың?

Толқын менен жасқанғандай, кесе көздерін қымсына қадап сәл кідірді.

Толқынның көзіне қарадым. Лездің арасында қып-қызыл боп кеткен екен, мөлт-мөлт етіп көгілдір орамалына жас тамып тұр.

— Мұның не? Толқын! Жылама. Саған не болған, Толқын! — деймін. Мұныма құлақ асқан ол жоқ, бұрынғыдан бетер өкіріп, көзінің жасын билей алмай кетті.

Аң-таңмын. Құшағымда қыз жылап көрмеген сорлы басым әлем алдында өтелмес қылмыс жасаған айыпкерше сасқалақтап қалдым. Тек қана солқ-солқ етіп өксігін баса алмай, жылап жатқан Толқынның сарғыш шашын кең алақаныммен баяу сипаймын. Үш жыл бұрын түп-түзу боп жалғыз өскен қайың түбінде әлдеқалай осы шашына

...ым тиіп кеткені бар еді. Сонда тұла бойым дір етіп, бір ыстық күш денемді қарып  
...кен-ді. Кәзір сол шашты қаншама сипасам да сол кездегідей әсер етпейтін тәрізді.  
Уақыт көп жәйді өзгертеді екен.

– Сенің алдына өстіп жылап келгенше өлгенім артық еді, Сапар, – деді Толқын  
басын сәл көтеріп. Демі үзіліп, даусы булығып шықты. Көгілдір орамалымен ұстай  
алмай қалған бір тамшы жас тіземе барып түсті.

– Сен бәрін білесің, Сапар, бәрін де. Саған Әділ бәрін де хабарлаған. Сен онсыз  
да менің келешегімнің осыған соғатынын сонда-ақ білгенсің. Сен ақылды адамсың,  
Сапар. Ал мен... мен...»

Үміт пен күдік шарпысқан махаббат шырғалаңы суретші жігіттің де ойын тас-  
талқан етіп, сан-саққа жүгіртеді. Шығарма трактовкасында суреттелген жоғарыдағы  
штрихтан көп жайды аңғарамыз. Сапар өзінің өткен ирек жолында ұшырасқан  
бақытқа толы күндері мен жанын жегідей жеген талайсыз сәттерін еріксіз есіне  
түсіреді. Ескі жараның бетін тырнаған күтпеген кездесу күңгірт елесті қаз-қалпында  
көлбендеткен. «Әлдеқашан ұмытылған шығар» деп өзін-өзі алдап жүріпті. Бәрі-бәрі  
бекершілік боп шығыпты. Күн сайын ақ полотно бетіне өзі жағатын алуан түсті сиқыр  
баяудай, аударылып-төңкеріліп, өткеннің ашы-тұшы көріністерін алма-кезек алға  
тартады...

Бұдан үш жыл бұрын Жана жыл қарсаңында туған ауылында демалыста жүргенде  
Толқынмен алғаш рет танысып, өзінің бір кездегі сынып жетекшісінің өтінішімен  
мектептің қабырға газетін бірлесіп шығарғаны. О кезде сүйкімді, ерке, балауса  
қыз соңғы сыныпта еді. Би кешінде онымен дөңгелене вальс билегені... Күн ұзақ  
Толқынның пәк те, ауулы бейнесін кескіндеу... Сырласқан сәттер: «Ол жалт қарады.  
Жанарлы көздері менің көзіммен тоғысып тұра қалды. Төрт жанар – жарқыраған  
төрт айна. Маған осы сәт жанымнан да артық. Мәңгі ұмытылмас осы сәт мені өртеп  
бітті...» Ілкі мезеттік рахаттың құлпаршасын шығарған жағажайдағы құбыжық лас  
көрініс... Пасық та, дөрекі дойыр Бодан мен жартылай жалаңаш бейкүнә Толқын.  
Өз көзімен көрген, таяқ тастам жерде... Комбинатта жұмыс істейтін досы Әділдің  
айтқаны ақиқатқа айналған. «Шынымен-ақ, өмірдегі ең қымбатты асылының қайдағы  
бір арамзаның құшағында кеткені ме?...»

Жоқ! Олай болмапты. Сүйіспеншілік сезімінен жұрдай, екіжүзді қуаяқ Боданның  
қармағына іліккен бойжеткен қатты сүрінеді. Кіршіксіз мөлдір сезімі жәбірленіп,  
намысы қорланып, тапталады. Ойындағысына қолы жеткен опасыз хабар-ошарсыз  
«жоғалып» кетеді. Күте-күте күдер үзген Толқын да өкінішін үмітке жеңдіріп, бір  
түннің ішінде жалғыз шешесін алып, басқа жаққа көшіп кетеді. Алғашқы махаббаттың  
шырмауынан құтылуды мақсат еткен өмірге іңкәр, өмірге ғашық қайсар қыз трактор  
руліне отырады. Алайда, бұралаң-бұлтарысы мол сол өмір соқпағында ол суретші  
жігітпен қайта кездесемін деп ойламаған, үш ұйықтаса түсіне кірмес жәйт. Бәрі-бәрі  
кеш. Себебі, соңғы уақытта Баубек бала арқыллы «хат жолдап» жүрген Ахатпен «екі  
жарты, бір бүтін» болмақса сөз байласқан. Жартыкеш көңіл, қанша жамағанмен  
бүтінделмесі анық. Сөйтсе де жан-дүниесін жақсы түсініп, сезетін Сапарға ішкі  
күйзелісін, барлық сырын ағыл-тегіл көз жасымен білдіруге асығады...

Үлкен өмірді әркім өзінше көріп, өзінше бағалайтыны мәлім. Табиғатынан сергек  
те сезімтал, ағеділ де әсершіл Сапар дүниені тек бір жағынан – күнгей жағынан көреді.  
Нағыз көңіл күйдін адамы. Құшағында еңіреген қыздың шашынан сипап, басу айтқан  
жас жігіттің, албырт жігіттің биік адамгершілік сезімін автор өте әсерлі көрсетеді.  
Көне, махаббатты пір тұтқан бас қаһарманның ішкі монологына құлақ түрейікші:

«Қар мен аязды да, жаңбыр мен желді де елемей, ұят пен намысты итеріп тастап  
сенің жолыңды жалықпай тоссам, сол еді махаббат, Толқын!

Талай күн, талай түнді сенің жаныңда өткізсем де, әрдайым тілімнің ұшынан  
кетпейтін «сүйем» деген жалғыз сөзді айта алмасам, сол еді махаббат, Толқын!

Мөлдір көзіңе қарап тұрып, терең тұңығынан дүниедегі ең бақытты екі адамның

нұрлы болашағын көрсем, сол еді, махаббат, Толқын!»

Иә, Сапардың да тығырыққа тірелген жан күйзелісін түсінуге болады. Оның бар кінәсі – Толқынды сүйеді. Бірақ, бойын билеген ерекше құбылысты әлдекімдерше айғайлап, дабырлатып жеткізуден аулақ. Сезім кардиограммасын тек жүрек қана екшей алса керек. Күтпеген іссапар тосын шешім жасауға итермелеп екіұдай күйге түсіреді. Кезінде Боданның пасық мінезін біліп тұрып, одан өзінің Толқынның арашалап қалмағанына налиды. Әлжуаз әлсіздігі мен дәрменсіздігіне күйінеді. Енді, міне, басқаша әрекетке тәуекел етпек. Біраздан бері сыйласып жүрген, тіпті үйлену мерзімін де белгілеп, уәделесіп қойған қызы бар. Әңгімедегі шиеленіскен осынау ситуация ауыр да болса асқақ бір адамгершілік жолымен шешіліп келе жатты. Көз жасын көл қылған Сәбира сүйген жігіті Сапардың табан астынан құбылған қылығына аң-таң. Жүрекке әмір жүрмейді. Ет жүрегі езіле Сапарды перронға шығарып салады. Өкініш пен үміттің арпалысын дамылсыз дүрсілдеген пойыз доңғалақтарының үні естіртпей жібереді.

«Зулап барамыз. Мен екі түрлі сезім үстіндемін. Бірде адам өлтіріп, ізін жасырғалы қашып шыққан қанішерге ұқсаймын. Бірде көрдегі әкесінің тірілген хабарын алып, соған жетуге асыққан жетім балаға ұқсаймын. Купе ішінде бір емес, екі Сапар кетіп бара жатқан сияқты.»

Міне, шығарма геройының басындағы алақұйын. Біріншісі:

«Ауыр күнәні арқалап барасың. Сенің кесіріңнен бүкіл еркек атаулыға сенімі өшіп, үміті үзілген, дүниедегі ең жиіркенішті сезіммен Толқынды тілдеген Сәбираның көз жасы мойнында, Сапар! Ертең бе, бір күні дүниеге келетін нәрестесінің аянышты тағдыры мойнында, Сапар! Сенің өнеріңді бағалап, келешегіңнен үміт күткен көп қауым мен жападан жалғыз қалып бара жатқан екі қартыңның өтелмеген парызы мойнында, Сапар!» – десе, екіншісі:

«Ештеңеге құлақ аспа! Сүйдің екен, сүй. Махаббатсыз өмір жоқ. Әлі-ақ бәрін ұмытасын. Уақыт жазбас жара жоқ. Сен бақытты жансың, Сапар! Үстіне етегі бүрме қоңыр көйлек пен қызыл кофта киген сарғыш шашты Толқының күлімдеп қарсы алады сені. Оның құшағы сен дегенде әрдайым ашық, Сапар!» – деп тілеу тілеп тұрғандай.

Сөйткен Сапарды, осындай өзімен-өзі арпалысқан, аласапыран Сапарды сол күні Толқын күтіп алған жоқ. Сапар бұрын өз көзімен көрген, Толқынды өзінше құрметтеп, өзінше сүйетін ауыл жігіті Ахаттың хатын қайта-қайта Толқынға жеткізіп беріп жүретін кішкентай Баубек жүгіріп келді де, бір жайсыз хабарды төбеден ұрғандай қойып қалды.

Осы жерде сезімдегі кілт бұрылысты автор өте қысқа, бірақ өте дәл бір штрихпен ойып бере салған:

«Көзім тарс жұмылды. Дүние төңкеріліп түсті. Жер-көкті өрт қаптады. Тұла бойым мұз боп қатты.

Не болғанымды білмеймін. Алдыма қарасам, Баубек шаң-шаң болып жерде жатқан шоколадқа қадалған қалпы, көтеріп алуға бата алмай, қиылып қарап тұр екен. Мен оны жек көріп кеттім: «Ахат пен Толқынды қосқан сенсің ғой, Баубек, сенсің!..»

Ахат көзіндегі бір ұшқынды көргенде, ойлан деуге саған әлі ерте, Толқын, дүниеде жақсы адамдар көп қой деп Сапар өзі айтқан. Кім біледі. Толқын сол жақсы адамды тап басып танып білуіне Сапар өзі себепкер де болған шығар. Ғажап емес.

Әңгіме оптимистік рухта аяқталады. Тағдыр жолы тарам-тарам. Әркім пешенесіне жазған күйбең тірліктің сүрлеуіне түседі... Сапар өзі салған Толқынның барлық суреттерін отқа жағып, қимас жәдігері ретінде біреуін ғана алып қалған-ды. Көзге сүйелдей көрінген оны да жыртайын деп жатқан жерінен Сәбирасы аман сақтап қалады. Қолы бір қалт еткенде осы суреттің негізінде Сапар Толқынның жаңа бір бейнесін жазады. Бөлек шешімде кескінделген Толқын трактор рулінде. Түп-түзу құретамыр жолмен көгілдір көкжиекке беттеп барады.

Махаббат шырғалаңы жайындағы сырлы әңгіме жас жазушының қабілет-қарымын, айшықты қолтаңбасын анық байқатады. Абдулхамидтің төселген қаламгер ретіндегі ілкімді ізденістері шырайлы шығарманың өн-бойынан «менмұндалап» тұр. Кестелі штрихтар, оқиғалы детальдар жалаң жылтырақ сөздермен өрілмей, кейіпкерлердің психологиялық толғанысқа толы ішкі әлемін әр қырынан ашып көрсетуде ұтқыр қиюластырылады. Оқиға динамикасының қызуы мен әсеріне үстеме берудегі диалогтардың атқарар рөлі зор. Осы орайда талантты суреткердің диалог құрудағы шеберлігін қадап айтқанымыз дұрыс-ау.

Абдулхамид Исаев әңгімесін бұтарлап талдаған сайын автордың мәуелі бағынан теретін жемісіміз де молая түсетіндей. Ұлты чечен бола тұра, қазақтың киелі қара сөзін мейлінше майын тамыза қолданады. Тәнті болмасқа, таңғалмасқа қайраның да жоқ. Тілі көркем. Жұтаңдықтан ада. Уызында жарыған нағыз жампоз шешен, сикыр сөздің сәруар сүлейі. Оның образ жасаудағы еркіндігі қуантады. Шағын әңгімеде ұшырасатын эпизодтық кейіпкерлер – колхоз төрағасы Мұхан, қара сирақ балықшы бала Баубек бейнелерінің өздері жүректерде ұялап қалары сөзсіз.

Сонымен, сезім қылын тербер сыршыл әңгіменің соңғы бетін де жаптық. Көңілсіздеу мұнайысты күйде. Неге? Лирикалық кейіпкерлерге бауыр басып қалғанбыз ба? Мүмкін?!

Әлде тамаша туынды сыйлаған таныс та, бейтаныс авторға ма? Мүмкін?! Айтпақшы, ол өзі кім еді?..

\* \* \*

Талантты дарын Абдулхамид Исаев «Таңғы шық» жинағына ұсынған «Бір суреттің тағдыры» әңгімесінің соңына шығарманың қашан жазылғанын ап-анық көрсетіпті: «Алматы, ноябрь. 1963 жыл». Сиясы кеуіп үлгермеген туындысында таңбаланған осынау дерек арқылы біз оның үш айdan кейін қайтыс болғанын біліп отырмыз.

Кітаптың алғысөзінде сыншы Зейнолла Серікқалиев былайша елжірей егіледі: «Арамыздан бір адам қыршын кетті. Ағайын жұртының, бауырларының, қаламдас, қызметтес дос-жарандарының жайбарақат жүрген көңілі жабырқау тартты. Үлкен дүниеге үлкен үмітпен келіп, үлкен өмір ала алмай, ұзақ науқастан кейін, февральдың қытымыр бір кешінде жас жазушы Абдулхамид Исаев дүние салды.

Оның ұлты чечен еді. Оны өз ана тілінде де оқитын. Бірақ Абдулхамид шығармаларын қазақ тілінде жазатын. Өмірінің соңғы кезінде «Лениншіл жас» газетінің редакциясында қызмет істеп жүрді. Білімді, ойлы жігіт еді, көңілшек еді, бауырмал еді. Біразымыз іш тартып, жақын тұтып жүретін сыр мінез жолдас еді...»

Жүрекжарды лебізден небәрі жиырма төрт жыл өмір сүрген асыл азаматтың бар болмыс-бітімін аңғару соншалықты қиын емес. Әр сөздің астарына тереңірек үңілген сайын жаны жомарт, пейілі дархан, жүрегі сергек, көкірегі сара, аяулы да қимас жанның өр тұлғасын көз алдымызға елестетеріміз сөзсіз. От боп жанған, шок боп жанған жасын жігіттің жарқылдаған жүзін көресің. Жұлдыз-ғұмырдың ізі ешқашан өшпейді. Қағілез қаламгер алау жастардың киелі ұстаханасында болаттай шындалыпты. Жас журналист іссапармен ұлан-ғайыр елімізді құлшына аралайды. Еңбек адамдарының өмірімен етене танысып, репортаждар, суреттемелер мен очерктер жазады. Әуелден-ақ көркем дүниеге бейім Абдулхамид қаламынан бірнеше әңгімелер туады. Өзі қызмет істейтін «Лениншіл жаста», сонымен қатар «Қазақ әдебиеті», «Жұлдыз», «Пионер», «Қазақстан пионері» тәрізді республикалық басылымдарда жарияланған үлкенді-кішілі әңгімелері жұрт назарын аударады. «Жартас», «Кім кінәлі?», «Әке», «Тау қызы», «Бір суреттің тағдыры», «Сағыныш» т.б. әңгімелері осы жанрда тер төгіп жүрген қаламдас әріптестеріне ерекше ұнайды. Сыр елінен келген оған «Сенің ойың да, тілің де тұнық. Әр әңгіменің өмірдің өзінен ойып алғандай шынайы әсер етеді» дейтін олар.

Аты-жөнінен бейхабар қалам иесі туралы ертеректе ең алғаш рет ұстазым Шерхан

Мұртазаның аузынан естідім. «Сендер білмейсіңдер. Бұрынырақта біздің «Ленжаста» бір чечен жігіті жұмыс істеді. Жаңылмасам – Абдулхамид Исаев болуы керек. Қызылорда жақтан. Әңгіме жазатын еді. Жақсы көрініп келе жатқанда өте жас кетті. Оны Тельман марқұм Жанұзақов та жиі мақтайтын...» Шерағанның редакциядағы дастарқан басындағы әдебиетке қатысты әңгімеге орай айтқанын елей қоймаған ек. Несіне жасырайық, Исаев есімін жыға білмейтіндіктен...

Жоғарыдағы «Бір суреттің тағдыры» әңгімесі хақында әдебиет тамыршысы Зейнолла Серікқалиев төмендегіше пікір білдіріпті:

«Бұл арамыздан мезгілсіз кеткен жігіттің соңғы жазбаларының бірі. Автобиографиялық туынды емес. Әйтсе де, марқұмның өз қара басына тән көп ізгі қасиеттер осы шығарманың өн бойында өріліп берілген. Абдулхамидтің тап-таза, адал, арманшыл жаны, рухани дүниесі, жастық албырт сезімі, махаббаты, адамға деген зор құрметі, инабаты, адамдар тағдырына немқұрайды қарай алмайтын мейірімді, бауырмал жүрегі – бәрі-бәрі осында. Шығармада уақиғаны өзі араласып, адамдар атынан баяндап отыратын суретші Сапар образы мен автор – Абдулхамидтің бүкіл тіршілігі біте қайнасып кеткен.

Кәмелетке жетіп, өмірдің үлкен табалдырығын жаңа ғана аттаған шағында алғашқы махаббаты сәтсіздікке ұшыраған, адамға деген сеніміне дақ түскен жас қыздың – кішкентай Толқынның бұралаң соқпағы оқушыны үлкен ойға қалдырады».

Өткен ғасырдың алпысыншы жылдары жас автордың әңгімелері жөнінде, баспасөз беттерінде замандастары мен ниеттес ағалары да өз ой-пікірлерін жазған шығар. Сарғайған газет-журналдарды сапырмадық. Абдулхамидті жігі тану үшін біраз ақын-жазушылармен тілдескенімізде жазушы Ахат Жақсыбаев:

– Басқаларды кайтесің. Оразбек Сәрсенбаймен хабарлас, өте жақын досы болған, – деді шегелеп.

Дереу Оразбек ағаға телефондадым. Қазақтың көрнекті қаламгері, дегдар да текті Орекенмен әуелден сыйласпын. Бір кездері Алматыда бір үйде көрші тұрғанбыз. Ұдайы қамқор құшағын жайып, іш тартып жүреді. Бұл жолы да емен-жарқын жөн сұрап, жағдайымды біліп жатыр. Құрақ ұшқан ағаның аңқылдаған үні еңсемді көтергендей.

– Ореке, мен Абдулхамид Исаев жайында нақты мәліметтерді сұрайын деп едім.

– Ол менің жан досым ғой, – деген жазушы бөгелмеген күйі. – Көні, тездетіп қағазына түртіп ал. Абдулхамид Исаев 1939 жылы бұрынғы Чечен-Ингуш АССР-інің Шали ауданында туған. Сталиндік тепкімен біраз чечен отбасылар біздің облысқа орын ауыстырғанын өзін де жақсы білесің. Әке-шешесі Шиелі ауданындағы «Жиделіге» көшіп келгенде Абдулхамид төрт-бес жаста көрінеді. Жалғыз тетелес інісінің аты – Абдуллабек. Чеченстан еліне кетіп қалған. Бертінге дейін Грозныйдан хабарласып тұрушы еді. Соңғы уақытта еш хабар жоқ... Бастауыш мектепті ауылда, ал қазақ орта мектебін Шиеліден тәмамдады. Қазақшаны тез арада меңгеріп алды. Өте алғыр, білімге құштар боп өсті. Құлын-тайдай тебісіп, үнемі бірге ойнап, бірге жүретінбіз. Біздің достығымыз осылай шыңдалған. Мектепті бітірісімен Қызылордадағы педагогикалық институттың филология факультетінде білім алды. Институт қабырғасында жүргенде-ақ жаза бастаған ол аудандық «Өскен өңір» газетінде қызмет істеді. Бұрқыратып жазып, жақсы көрінді.

Келмес күндер елесін жаңғыртқан Оразбек аға Абдулхамид досының Алматыдағы жылдарынан да мол мағлұмат берген. Қаламының желі бар жазғыш жігітті «Лениншіл жастың» (Қазіргі «Жас Алаш» газеті) редакторы Әбсаттар Бөлдекбаев бірден әдеби қызметкер етіп жұмысқа қабылдайды. Жас қаламгерлердің көрігіне түскен оның екінші тынысы ашылғандай күйге бөленді. Бұл жөнінде Оразбек аға былайша сыр шерткен.

– Абдулхамид досыммен Алатау баурайында қайта қауыштық. Республикалық жастар газетіне қызметке тұрған оның ой-өрісі де, жан өрісі де ерекше кеңейді.



Иссапарға жиі шығып, әдеби ортаға белсене араласты. Міне, дәл осы кезде тартымды да, тамаша әңгімелерімен әжептәуір таныла бастады. Лирикалық әңгімелерімен бірге оның шағын скетчтері газет-журналдарда өте көп жарияланатын. Сондықтан да болар, «Жұлдыздың» бас редакторы, жас әдебиетшілердің жанашыры Әбекен – Әбдіжәміл Нұрпейісов екінің бірі шыға бермейтін беделді әдеби журналға Абдулхамид Исаевтың шағын повесін ажарлы етіп, сәт-сапар алғысөзге фотосын қосып жариялады. Менің әлі есімде, бұл дегенін о кезде үлкен оқиға саналатын. Әдебиетті жанындай сүйетін ол Алматыға келген бойда талай ақын-жазушылармен тіл табысып, дос-жар боп кетті. Әрине, оның бойында мінезді адамдарға тән асыл қасиеттер мол еді. Әбіш Кекілбаев, Мұхтар Мағауин, Қадыр Мырзалиев, Жүмекен Нәжімеденов, Тельман Жанұзақов секілді қазақтың біртуар оғландары шалғайдан келген тау ұланына тектен-текке төрін ұсынбаса керек. Олардың бәрі де Абдулхамидтің шығармашылығына үлкен үмітпен қарап, қатты құрметтейтін.

Абдулхамид Исаев өз ана тілін де биік қадірлеген екен. Оған айғақ ол Алматыда шығып тұрған чечен тіліндегі «Еңбек туы» газетінің белсенді авторы болыпты. Қос тілді тел емген ол жанындағы жолдастарына «Бұл басылымның тілі жұтан. Қазақтың құнарлы да, қасиетті тіліндей қайдан болсын» дейтін көрінеді өзара пікір бөліскен сәттерде. Әдебиет пікірталастарының үлкен ұйтқысы болған ол Қазақстан комсомолы Орталық комитетінің жанындағы шығармашылық жастардың кеңесінде өзінің досы Оразбектің «1961» деп аталатын публицистикалық поэмасының жетістіктері мен каламгер ізденісін жұрт алдында білікті, әрі сауатты талдағанын елу жылдан соң есіне түсірген жазушы ағаның көңіл күйін кара сөзбен бейнелеп жеткізу қиын-ақ. Сөйткен жан досы қапияда, сағағынан үзілген гүлдей солады. Жар сүймей, сәби иіскемей тым ерте көз жұмды. «Мен оның қазасын Семейдің радиациясынан көрем. Ол полигон аймағына бір-екі рет иссапарға барып қайтқан еді. Өкпесінің сырқатын қоздырып жіберген сияқты. Жүрегімдегі күмән еш сейілмейді-ау...»

Дос жүрегі достардың жүрегімен бірге соғып тұрғандай. Көзі тірісінде көре алмаған тұңғыш кітабы Оразбек Сәрсенбайдың құрастыруымен «Жазушы» баспасынан 1966 жылы «Тау қызы» деген атпен жарық көріпті. Ал, мақпал мінезді рахман жанның есімі Орекеннің чечен бауырлар туралы сыр шертер «Таңбалы тас» романының прототипі – бас кейіпкерінің біріне айналыпты. Ғапыл ғұмыр осылайша жұрт жадында жалғаса бермек...

## СЕГІЗ ҚЫРЛЫ ҚАЛАМГЕР

Жастық. Сезім. Махаббат... Таусылмайтын, сарқылмайтын мәңгі тақырып. Ықылым заманнан бері жырланып, жазылып келеді. Әлі де... өркенді үрдіс көркем-өнер көшінің жасауын жарқыратып, сәнін келістіріп, келер ғасырларға ұласары күмәнсіз. «Таңғы шықтың» авторлары жастар болғандықтан, олардың дені өз әңгімелеріне сүйіспеншілік тақырыбын өзек етіп өреді. Сондай сәулелі сезім сәтін суреттейтін шығарма – Өтеген Күмісбаевтың «Ботакөзі».

Бұл – жинақтағы ең шағын әңгіме. Жалпы көлемі үш жарым беттен аспайды. «Қысқалық – талант серігі» деген Чеховтің әйгілі қағидасына сүйенсек, Өтегеннің осынау мөлтек дүниесінен талай аласапыран сезім мезеттерін аңғару қиын емес. Іліп алып көрсетсек: алақандай әңгіменің әлқиссасында айтылатын «қысылып, созыла естілген сиқыр ән әсері»; күтпеген жерде «такси ішінде ыңылдап отырған ән иесімен бетпе-бет ұшырасу»; әңгіме кульминациясындағы «лирикалық кейіпкердің түс көру сәті».

Романтикалық әуезде жазылған әңгіме сезім қылын шертеді. Барша жастарға ортақ студенттік алау күндердің ұмытылмас кездерін сыршылдықпен бейнелейді. Алғашқы махаббат сезімінің бой көтеруі, алғашқы жүздесу, алғашқы тілдесу... Бәрі-бәрі алас-күлес іс-әрекет үстінде шынайы штрихтармен нанымды суреттеледі. Қақтығыстарға

толы оқиғалар қылаң бермесе де, көзге көрінбес сезім түйткілдері мен көңіл кірбіндері шығарма шырайын ашып, жұмырлай түскен.

Жазушы оқиғаны өрбітіп, кейіпкерлердің ішкі әлемін жан-жақты ашып көрсетуде табиғат көріністерін үйлестіре кескіндейді. Сондай-ақ, ішкі монологтарға көбірек жүгінетіні байқалады. Әлмисақтан аяны шығарманың сапасы мен беделін көтеріп, әйгілеп тұратын басты тетік – тіл. Осы ретте қаламгер Күмісбаевтың сөзге мейлінше құрметпен қарайтынын қадап айтқан ләзім. Әсіре жалтыраққа, орынды-орынсыз сөз ойнатуға, ділмарсуға әуес емес. Әрине, бұған қарап қарабайырлыққа ұрынып қалмас па екен, деген күдігімізден тез-ақ айныдық. Оған айғақ – автордың сөз қадірін жан-тәнімен түсініп, екшей білетіндігі.

Пікіріміз жалаң, құрғақ болмас үшін бірнеше кестелі сөздер шоғырын мысал ретінде түзгенді дұрыс көрдім: «Қыз жүрегіндей дірілдеген қып-қызыл гүлдер», «Самал желдің салқын саусақтары», «Астан-кестен болған жанымға мына сыбызғы түннің тыныштығын тілеп тұрмын», «... Жол санап келе жатқан такси шотының сыртылы», «Махаббат деген күдіретті күншуақ сөз еріндерден ұшпады» т.б...

Жоғарыда мезегендей әңгіменің аяқталу түйіні тосындау. Назар аударары күмәнсіз. Кәне, жазушының өзіндік шешімін бірге оқиықшы.

«... Көршім үйлену тойына шақырды. Кешігіп бардым. Мұндайда кешігу ұят-ақ. Жұрт тегіс орналасып алған. Ақ мойын шампандар махаббат салютіндей жаркылдап үздіксіз атқылады. Аққайнардан бұрын күлкілер төгіледі.

«Той бастаушы» сөйлеп кетті. Ғажап көрініске көз жанарым мас болып, кіре берісте қатыппын да қалыппын.

– Жігіт төрлетіңіз! – деген асабаның сөзі дүйім көптің назарын маған аударды. Сахнада тұрғандай өртеніп кете жаздадым. Қақ төрде екеу. Ақ торғын орамал жас жұбайдың аппақ жүзін бір жарқ еткізді. Жүрегім дір ете қалды. Бота! Иә, дәл соның өзі. Төрге қалай барып қалдым, ол жағын біле алмадым. Дірілдеген қолыммен букетті Ботаға ұсына бердім. Бота орнынан ұшып тұрып, гүлді құшақтай алды.

Кірпігіне бір тамшы қонақтапты. Басын сәл көтерсе үзіледі. Кешіккенде де шынымен кешігіппін. Ботаның көзінде айтылмай кеткен бір сыр мөлдірейді. Шеттегі бос орынға барып, сылқ етіп отыра кеттім. Көздер аң-таң. Бокалдар сүйісі басталды. Бақыттың бір тамшысын ерніме апара бердім. Музыка ойналды.

Бір аунап түстім. Шошып оянсам түсім екен. Қуанып кеттім. Терезеден сауылдап, жастығыма қонып жатқан күздің сарала жапырақтарын уыстап бөлмеме шашып жібердім».

Алғашқы әңгімесі жарияланғанға дейін балалардың сүйікті ақыны ретінде танымал қаламгердің өлеңдері баспасөз беттерінен түспейтін. Жыл аралатып «Тұңғыш», «Алақан», «Менің кішкентай үйрегім» аталатын өлең кітаптары «Жазушы» баспасынан жарық көреді. «Лениншіл жаста» («Жас Алаш» газеті) әдебиет бөлімін басқаратын жазушы Қалихан Ысқақов бірде редакцияға бір топ өлеңдерін әкелген Өтегенге: «Өлең-жырларың басыла жатар. Қаламыңның желі бар, сен өзің прозада бағынды сынап көрші. Әңгіме жазып байқа. Қазір Жазушылар одағы жас жазушылардың әңгімелер жинағын құрастыруда. Ұнаса салып жіберейік» дейді.

Мінеки, сол тәуір әңгіменің бірі – осы «Ботакөз». Қалихан ағаның қанатты қамқорлығынан туған бұл дүние жайында атақты қаламгер Зейін Шашкин жас таланттың қолын қысқан көрінеді. «Өтеген, айналайын! Сенің «Таңғы шықтағы» әңгімені маған ұнады. Әңгімені аяқтаудағы тосын шешімің – жаңалық. Несін жасырамыз, көп әңгімелерді оқып тауыспай жатып-ақ, шығарманың қалай бітетінін ішін сезіп отырады. Шамаң келсе, жаттандылықтан, адамдарды мезі ететін таптаурындықтан аулақ жүргенің жөн. Шеберліктің өзі ізденіспен шындалса керек». Зейін ағаның ақыл-кенесі мен үшін үлкен құрметпен бірдей. Өткенді еске алған Өтеген аға прозадағы тұңғыш туындысы туралы Мұқағали Мақатаевтың лебізін қуана жаңғыртқан. «Сен өлеңді қойып, прозаға ауысқаның дұрыс болар. «Ботакөз» – әдемі

новелла» депті ақиық ақын.

Дана бабаларымыз «Жақсы сөз – жарым ырыс» дегенді бекер айтпаған. Ерекше серпіліске бөленген Өтеген Күмісбаев поэзиямен қатар, әңгіме-повестер жазуды түбегейлі қолға алады. Оң жамбасына келген кіді де, шөлкем-шалыс жанрда да олжалы болады. Қарымды қаламгер өз оқырмандарына «Жапырақтар түсіп жатыр», «Ауылдан шыққан жол», «Тіршілік тоқтамайды» әңгімелер мен хикаяттар жинақтарын, әйгілі поляк революционері А.Янушкевич жайында «Польша перзенті» романын ұсынды.

Қадірлі ағайын, зерттеме-жазбамыздың беташарында қадап айтқанымыздай, әңгіме тағдыры – жазушы тағдыры. Қазақ әдебиеті тарихында тұтас бір жинаққа енген авторларды алаламай, бәрін түгендеп жазу, тұңғыш туындыларын тілге тиек ете отырып, әр қаламгердің кейінгі шығармашылық өмір жолынан хабардар қылар еңбек болмаған. Біздің мақсат – сол олқылықтың орнын аздап толтыру. Әрине, шама-шарқымыз жеткенше. Сондықтан да қолда бар деректерді мүмкіндігінше шашаусыз пайдалануға ұмтылдық. Балауса қаламның қалай қатайып, жазушылық шыңдалу баспалдақтары мен қаламгерлік қалыптасу кезеңдерінің көрсеткішіндей көрінер мәліметтерге жүгіндік. Өйтпесе болмайды. Көзі қарақты оқушыны бұдан елу жыл бұрын тұңғыш туындысы жарық көрген қаламгердің одан кейін не жазып, не қойғаны қатты қызықтырса керек. Осы орайда Өтеген Күмісбаев туралы жиған-терген деректерімізді жеткізгім келеді.

Сыр бойында туып-өскен ол қаршадайынан қазақтың киелі сөзіне қанып, сіміріп өседі. Жалағаштан басталған ұзақ жол сөз өнері қазынасын шарлатады. 1963 жылы Қазақтың Әл-Фараби атындағы мемлекеттік университетінің филология факультетін тәмамдайды. Жоғарғы оқу орнына дейін аудандық газеттің көрігінде ысылған жас маман «Социалистік Қазақстан» («Егемен Қазақстан»). «Қазақ әдебиеті» газеттерінде қызметтер атқарады. Әңгіме, өлеңдер жазумен бірге, сын жанрын барлап көреді, ғылымға бет бұрады. Сөйтіп, 1969-1974 жылдары Мәскеудегі КСРО Ғылым академиясының Шығыстану институтында оқиды, осы білім ордасының аспирантурасын бітіреді. О заманда қазақтың қара домалақ баласының ұлы держава астанасында, оның ішінде Шығыс елдерінің тілін меңгеруі назар аударарлық оқиға саналатын. Кідірмей «Тұрмағамбет Ізтілеуов және оның «Рүстем-Дастаны» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғайды. Ұзақ жылдар ҚазМУУ-де ұстаздық етіп, жас әдебиетшілерге дәріс берді. Филология ғылымдарының докторы, профессор.

Ғылыми жұмыстарын шығармашылықпен әдемі қабыстыра білген сегіз қырлы қаламгер оннан астам өлең, әңгіме, повесть, роман, ғылыми монографиялар жазды. Кітаптары орыс, поляк, парсы, түрік тілдеріне аударылған. Ө.Күмісбаев аудармамен де үзбей айналысып келеді. Парсы-үнді классигі Әмір Хұсрау Дехлевидің «Жұмақтың сегіз бағы» дастанын түпнұсқасынан тәржімалаған. Сондай-ақ, М.Рыльскийдің «Раушан мен жүзім» өлең-поэмалар кітабын аударды.

Шығыс әдебиеті мен қазақ әдебиетінің өзара байланысын зерттеуге арналған «Терең тамырлар», «Абай және Шығыс», «Мұхтар Әуезов және әдебиет әлемі» монографияларының көтерер жүгі зор. «Екі перне», «Ортақ арна», «Ақ бота», «Ақ Шолпан», «Иран әдебиетінің тарихы» кітаптарының да шертер сыры мол.

«Ботакөз» әңгімесінің авторы хақында бүгінгі өресі биік, талғамы жоғары оқырманға жеткізсек деген дерек-дәйегіміз, міне осындай.

*Жалғасы келесі санда.*

